



Бухгалтерлік есеп пен аудит

Есеп беру дегеніміз—
меншіктің барлық
түріндегі
кәсіпорындардың
қаржы шаруашылық
қызметін және
ұйымдық— құқықтық
мәртебесін кешенді
түрде сипаттайтын
жиынтық көрсеткіштер
жүйесі.





Аудит дегеніміз – ол,
кәсіпорынның табыстылық
есебін тексеріп, онда көрсетілген
шаруашылық табыстылық
көрсеткіштерінің дұрыстығын
анықтап, сонымен қатар
бухгалтерлік есебін, қаржысын,
салық заңдарын, банк және
әлеуметтік есеп процесін
келісім-шарт бойынша кәсіпкер
ретінде тексеріп арнайы төлем
арқылы қызмет көрсету.

- Аудит қызметі басқа қызметтер сияқты пайдасы көп болу керек. Осы мақсаттарыды жүзеге асыруда аудитор алдында келесідей негізгі міндеттер тұр:
 1. Кәсіпорынның финанстық есеп берушілігінің нақтылығын қамтамасыз ету және финанстық есепті пайдаланушылар үшін ақпараттық тәуекелділіктің деңгейін төмендету.
 2. Компоненттік мәліметтерді жинау және бағалау.
 3. Кәсіпорынның немесе оның жеке түрлерінің экономикасын жүйелі және жан-жақты талдау.
 4. Кәсіпорын қызметінің оның уставына, бизнес-жоспарына сәйкестілігін тексеру.
 5. Заңдылықтардың сақталуын, бухгалтерлік есеп, есеп берушіліктердің жүргізілуін және мемлекеттік органдардың шаруашылық субъектінің финанстық жағдайы туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етілуін бақылау.
 6. Алғашқы құжаттарды тексеру.
 7. Бухгалтерлік есепті дұрыс ұйымдастыру және жүргізуде клиенттерге консультациялық қызметтер көрсету.
 8. Клиенттермен қатынасты нығайту және өсуіне әрекет жасау.

Қаржылық есепте инвестициялық саясат ұсынуға және несие беру жөнінде шешім қабылдауға, болашақтағы ақша ағынын бағалауға, кәсіпорындардың ресурстары мен міндеттемелерін және оның басшы органдарының қызметін сараптауға қажетті ақпарат жинақталады.



Үкімет пен оның органдары берілген есеп ақпаратын сол кәсіпорынға қатысты экономикалық саясат пен салық шараларын белгілеу үшін пайдаланады. Оларға сондай-ақ субъектілер қызметін ретке келтіріп, салық салу саясатын жүзеге асыру үшін және табыстарды кіріске алу мен әр алуан статистикалық деректердің негізі үшін мәліметтер керек

Қаржылық есеп негізінде субъектінің қаржылық жағдайының нашарлай бастау тенденциясын дер уақыттыңда аңдап, оның шаруашылық қызметіндегі жағымсыз құбылыстардың алдын алуға болады, сондай–ақ пайданы молайту үшін ішкі резервтерді анықтауға, соны жұмылдырып, тиімді пайдалану арқылы табысқа жетуге болады.



Жылдық есеп мынадай тұтынушыларға беріледі:

1. Меншік иелеріне (қатысушыларға, құрылтайшыларға) немесе өкілдікті органдарға немесе құрылтайшылық құжаттарға сәйкесті органдар;
2. Кәсіпорының тұрған жеріндегі салық органдарына;
3. Жергілікті қаржы органдарына;
4. Мемлекеттік статистикалық органдарына;